

Бекітілді: _____
ҚМҚК «Мерей» бөбекжай балабақшасының
менгерушісі Муратова Ж.Қ
№1 педагогикалық кеңес шешімімен
29.08.2023ж

ҚМҚК «Мерей» бөбекжай-балабақшасының
2023-2024 оқу жылына арналған
консультациялық пункттің жұмыс жоспары

Консультациялық пункттің мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- Ата аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық қолдау көрсету және балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру.
- Белгілі бір себептермен білім беру ұйымына бара алмайтын балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету.

Консультациялық жұмыстың негізгі бағыттары:

- **Диагностикалық көмек көрсету** – баланы психологиялық педагогикалық тұрғыдан зерттеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен 5 бейімділігін, оның әлеуметті мүмкіндіктерін, әлеуметтік бейімделуін анықтау, баланы одан әрі дамыту мен тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу.
- **Консультациялық көмек көрсету** – психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (заңды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттарының ықпалы, күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабардар ету.
- **Әдістемелік көмек көрсету** - ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, отбасында туындайтын мәселелердің алдын алуға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ата-аналарды хабардар ету, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, отбасында жағымды қарым қатынастар орнату, баланы жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен, отбасы жағдайында тәрбиелеу процесін ұйымдастырумен таныстыру.

№	Негізгі іс-әрекет мазмұны	Өткізу формасы	Жауапты	Мерзімі
1	Консультациялық пункт жұмысының басталуы туралы мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, Telegram) жариялау, мектепке дейінгі ұйымның сайтында орналастыру	Сайттарға жариялау	Әдіскер, Психолог	Үнемі
2	«Балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасау»		Менгеруші	Қыркүйек
3	Мектеп жасына дейінгі балаларды үй жағдайында тәрбиелеп отырған отбасыларды айқындау және консультативтік пункт қызметімен таныстыру	Ақпарат жинау Балабақшамен таныстыру	Әдіскер, психолог	Қыркүйек
4	Жанұя жағдайында тұлғаны қалыптастыру «Ұсақ моториканы дамытуға арналған ойындар»	Кеңес	Психолог	Қазан
5	«Ойын арқылы баланың сөйлеуін дамыту»	Видеоролик	Тәрбиеші	Қазан
6	«Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту»	Онлайн кеңес	Психолог	Қараша
7	Қимылды ойындар	Ойындар жиынтығын ы	Психолог	Желтоқсан
8	«Дұрыс тамақтану – салауатты өмір салтының кепілі». Жұқпалы аурулардың алдын-алу кеңес	Кеңес	Медбике	Қаңтар Ақпан
9	Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы	Дәріс	Тәрбиеші.	Ақпан
10	«Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық қабілеттерін дамытудағы музыкалық -дидактикалық ойындар»	Онлайн кеңес	Музыка жетекшісі	Наурыз
11	«Саусақ ойындары»	Тренинг	Психолог	Мамыр
12	Баланы балабақшаға қалай дайындаймыз?	Дөңгелек үстел	Әдіскер	Мамыр